

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №5 «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4

Жоспардың құрылу кезеңі 28 қараша-02 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Еліміздің рәміздері жайлы әңгіме жүргізу. Көк байрақтың кескінін жапсыру.	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу.	Балалармен әңгімелесу Күз мезгілінде қандай құбылыстар болатынын балалардан сұрау.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата –анамен әңгімелесу. Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені №7 Құралсыз (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай,				

	Тағамға қол созам Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. үшін жиналады. Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік).				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Музыка Сөйлеуді дамыту Р, Л, дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуға машықтандыру, сурет бойынша сөйлем құрауға дағдыларын шыңдау, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Көркем әдебиет «Қоянның үйшігі» ертегісін сахналауға үйрету. Ертегіні сахналау арқылы балалардың қиялын, есте сақтауын, тіл байлығын дамыту. кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға, мейрімділікке, достыққа, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Математика негіздері Жиын. Бір – көп. Балаларды заттар тобының (жиынның)	Дене шынықтыру Көркем әдебиет Балаларды санамақтар айтуға үйрету. Ұқыптылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөйлеуді дамыту Жаңылтпаш жаттап жарысайық!!! Жаңылтпашты жатқа айта білуге үйрету, тіл байлығын дамыту, ана тілге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Математика негіздері Тең және тең емес екі топтың заттарын беттестіріп	Музыка Сергіту сәті. ойын. Көңілді әуенмен, өлең шумақтарын қайталау Коммуникативтік дағдылар Киім кию дағдыларын үйретуге арналған плакаттармен жұмыс. Қоршаған ортамен таныстыру Балалардың қалауы бойынша шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру «Өзім туралы» Өздері туралы айтып береді Коммуникативтік дағдылар Тарақтың суретін құрастыру және жапсыру. Жапсыру және құрастыру әрекеті Құрасытру, жапсыру әрекеті Сабынды мүсіндеп, жасау. Мүсіндеу	Дене шынықтыру Дид ойын «Сикырлы күз». Күз мезгіліне табиғи материалдан тәрбиешінің көмегімен күздің көрмесін дайындау Әлеуметтік, танымдық дағдылар Балалар мына видео көрініске қарап шығып, өз ойларыңды айтыңдар. Тазалық жайында бидео сюжетті көрсету және балалардың ойын тыңдау. Мына қыздың жасаған ісін дұрыстайсыңдар ма? Жок, әрине. Біз табиғатқа қоқыс, жеген тәттілеріміздің қабығын тастаймыз

	ортақ белгілерін тау заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға топтарға біріктіре алуға үйрету; Қоршаған ортамен таныстыру Байланыс құралдары туралы түсінік беру. Байланыс құралдарын пайдалану ережелерімен таныстыру.	салыстыру арқылы «көп» «аз», «теңбе-тең»-деп айта білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Аткаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (ауада, суда, жерде) топтастыру.			ба? Оны қайда салуымыз керек? Қоршаған ортамен таныстыру
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын тугызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.
Серуен	№16	№ 17	№ 18	№ 19	№ 20
Серуеннен оралу	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу. «Ұқыпты бала» әңгімесі Сөйлеуді дамыту	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүруге дағдыландыру.	Серуеннен келгеннен кейін киімдерін ұқыпты ілуді қадағалау. Қолдарын жууға үйрету.	Серуеннен ішке қатармен, саппен жүруді үйрету. Балаларға қимылды ойын түрінде үйрету.	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.

Түскі ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.	Оқу-жаттығу: Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Бата беру Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін!	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) «Ас – адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Көркем әдебиет	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, Ас қайыру Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Әумин
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі Көркем әдебиет	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі Көркем әдебиет Сөйлеуді дамыту	«Сандар» әнін тыңдату. Математика негіздері
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.

Балалармен жеке жұмыс	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	«Көп және біреу» Ойынның мақсаты : көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	«Үксас затты тап» Ойынның мақсаты: Үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелекке үксас заттарды тауып, атын атай білуге үйрету. Баланың түстерді, пішінді ажыратудағы ой-қиялын дамыту	«Көрші – көрші» Ойын мақсаты: 1-10-ға дейін тура және кері санауға үйрету. Сандарды рет-ретімен орналастыруын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын тудыру, балалармен жеке әңгімелесу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау.	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты). Ауа –рай құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.
Серуен	№16	№ 17	№ 18	№ 19	№ 20
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті				
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту және орамалды орнына ілу, көркем сөз қолдану мысалы, Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				